



Cadangan M<sup>2</sup> Kambing - 1500 kg  
Sedangkan kitaran waktu 15 hari  
menunggu di ufuk timur chikamuku.

Suci, D<sup>2</sup>

25.09.2008

ТАҢАТ СУҒИРБАЕВ

# Ауылым аты – Баян

Петропавл – 2008

ББК 26.89

С 90

С 90 Сүгірбаев Т. - Ауылым аты – Баян  
Петропавл, – 2008 - 476 бет.

ISBN 978-601-7029-13-5

Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану  
мұражайы жанындағы «Асыл мұра» орталығы

Авторы және құрастырған:

**Таңат Айтмұқашұлы Сүгірбаев**

Редакция алкасы: **Қайролла Мұқанов, Дикан  
Сүгірбаева, Әскер Әбілқайыр, Ақсұлу Қасенова**

Редакторы: **Социал Жұмабаев**

Кітапта ауыл тарихы, осы ауылдың еліне, халқына  
адал қызмет еткен танымал тұлғалары жөнінде кеңінен  
баяндалады және ауыл тұрғындарының шежіресі  
жазылды.

*43107*

ББК 26.89

ISBN 978-601-7029-13-5

©Сүгірбаев Т., 2008

Селоро Қазақстан Республикасы  
областық кітапхана  
им. С. МҰҚАНОВА  
г. Петропавл

*С/А*





*... Туган ел ыстық болдың мұнша неге,  
Білмеймін осылай ма әр пендеге.  
Ойымнан жатсам тұрсам бір кетпейсің,  
Көңіліме қағылыпсың болып шеге.*

**Сегіз сері.**



# КІРІСПЕ

Туған ауыл! Әр жүректі шымырлатып, толқытып өтер ыстық сөз бұл. Кім болсын кір жуып, кіндік кескен мекенін ерекше қастерлейді, туған жердің топырағына дейін қасиеттеп, өмір бойы ең асыл сезімдерін сол алтын бесігіне арнайды. Туған ауыл турасында тебіренбейтін жан кемде-кем десек әсте артық емес. Ал, сол туған ауыл бүгінгі өскелең өмір сәулетіне сайма-сай сәнімен жарқырап, келісті де көрікті келбетімен көз қуантып тұрса қандай мәртебе. Ондайда әр азамат «мынау менің ауылым» деп мақтанышпен мерейленері анық.

«Әркімнің туған жері – Мысыр шаһары» деген екен атақты Сегіз сері. Сол айтқандай, менің Мысыр шаһарым – Баян. Ол менің дүниеге есігін ашқан жерім.

Баян қасиетті мекен, іргелі ел. Мен ол жердің, елдің қарапайым ғана перзенті екенімді кәдімгідей мақтан тұтамын. Мен туған өңір - киелі жер, құнарлы топырақ. Бүгінгі ұрпағы мақтан тұтар осы ауылда ірі тұлғалар өткенін де бүгінде ел біледі.

Туған жер тарихын жазуға үлес қоссам деген арманым бар еді. Менің туған Баян ауылым еліне, халқына адал қызмет еткен танымал тұлғаларға бай. Осы еңбекті жазуға мен ауылымдағы көнекөз қариялар аузынан жазып алынған әңгімелерді, мұражай мате-

риалдарын, көне құжаттарды пайдаландым. Менің бұл жазбаларым көркем шығарма емес. Ауыл тарихын қаз қалпында түсіру, деректер шежіресін жасау.

Қолыңызға тиіп отырған осы кітапта ауылымыздың шежіресін жасауға, тарихи-танымдық сипаттамасын айқындауға талпыныс етілді. Бұл жас ұрпақтың туған жерге деген шынайы сүйіспеншілігін арттыруға, ауылдың тарихы мен таңдаулы тұлғаларын танып білуге көмектеседі, сол арқылы ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етеді деп ойлаймын.

Бүгінгі күні елеусіз қалған әкелеріміз бен аналарымыздың атын тарих түбінде жатқан жерінен қайта көтеріп, жасаған еңбектеріне сай құрмет көрсетіп, кейінгі ұрпаққа патриоттық тәрбие беру, солардың рухы алдында тағзым ету біздің міндетіміз деп санаймын.

Құрметті оқырман қауым, мен бұл кітапта Баян ауылының тарихын егжей-тегжейлі жазып шықтым деп айта алмаймын. Менің алдыма қойған мақсатым да ол емес. Мен тек осы ауыл жөнінде қалам тербеймін деген адамдарға жол сілтеп, біраз мағлұматтар бергім келді. Тарихымызды танып, ел ағаларын еске алмасақ, бір-бірімізді бағалай да алмаймыз. Өмірден өткендерді ұмытпай, көзі тірілерге көлеңке түсірмесек бірлігіміз жарасып, тірлігіміз тереңдей түсер еді.

**Таңат Айтмұқашұлы.**



## 30-40 ЖЫЛДАРДАҒЫ АУЫЛ ТЫНЫСЫ

Қазіргі Баян ауылының тарихы сонау отызыншы жылдардан басталады.

...Бұрынғы «Баян» колхозы орналасқан жер коллективтендіруге дейін Мықтыбай, Шағырай, Дүйсе, Жәдігер аталатын төрт ауылдың жайлауы еді. Ол кезде қазақтар ауыл-ауылға бөлініп, қыс болса «кіндік кескен жерім, ата мекенім» деп әр ағаштың бауырын қыстаса, жаз шыға жайлауға көшетін.

Қазан революциясының жеңісінен кейін де 11 жыл бойы қазақ ауылдары жайлауға көшіп жүрді. Тек ауылшаруашылығын коллективтендіру жылдарынан кейін отырықшылана бастады.

Ұсақ ауылдарды коллективтік ірі шаруашылыққа біріктіріп, отырықшыландыру оңай болмады. Бұл үшін ел арасында көптеген түсінік, байларға қарсы күрес жұмыстарын жүргізу қажет болды. Мұндай жұмыстарды колхоз құрылысының ардагерлері, осы ауылдарды колхоздастырушы белсенділердің өздері жүргізді. Мұраталы Балта, Жанқара, Божбан ауылдарына Ғайсаұлы Айтбай мен Сибанбайдың Балғожасы жіберілді. Қантайдың 40 үй Кент Байсал ауылдарына Уақпан Тәжин мен Кәжікен Жексенбаев барды. Ал Наурызбай Бөкішев пен Исабай Калинин

Мықтыбай, Шағырай, Дүйсе, Жәдігер ауылдарына жіберілген болатын. Ұлы Отан соғысында қаза тапқан Ақбұзау Жайлаубаев пен Қажохмет Еркалин 40 үй Қантайдың Әжімбай-Бәжі ауылына аттанды. Олар келген Қантай руының 40 үйі 30 жыл болыс болған Малдықұлдың Сүлеймені деген байдың ашса алақанында, жұмса жұдырығында болатын. Ақбұзау мен Қажохметтің ауылға келіп, артельге бірігу жөнінде үгіт жүргізіп жатқанын Сүлеймен естіпті. Ол әлгі екеуіне өзі келіп:

-Көшерім де, қонарым да жоқ. Ата қонысымды, кара шаңырағымды жығып ешқайда кете алман. Мен деген Әжімбай, Бәжі болса бірі де бұл жерден адым аттап шықпайды, - деп ашық айтады да, жасырын басқа да әрекеттерін жүргізе берді.

Ақбұзау әрі әнші, әрі домбырашы, ержүрек өткір кісі болатын. Ол көкірегіндегі сөзін ірікпей айтатын еді. Сол әдетімен Сүлейменге:

-Отыз жыл болыс болып кедейлердің маңдай тер, табан ақы, адал еңбегін сүліктей сорғаның да жетер, енді ел болғалы, қоныс салғалы отырған игі тілекке зияныңды тигізбе! Арыстандай ақыратын сенің күнің өткен, заман кедейлердікі, - деп бетке айтады.

Сүлеймен қанша қарсыласқанмен ауылдың кедей шаруалары бірнеше күннен кейін колхоздың қауымына келді. Басқа белсенділер барған ауылдарда да

Амандықтың Қазыбегі, Тәтімбектің Оспаны, Боктыбайдың Құбышы сияқты атқа мінерлер болатын. Елді осылардың ықпалынан жұлып алу оларға да күшке түсті.

Үлкен қиыншылықтармен алыса отырып, жоғарыда аты аталған белсенділер осы сапарларында 150-дей шаңырақты колхозға біріктірген. Колхоз Маса көлінің жағасына салынатын болып белгіленді.

1929 жылдың жазында колхоз қоныстанатын жерге Нұрғожаның Абдрахманы, Бөкіштің Наурызбайы, Тәжінің Есмақаны, Бидәлінің Әбілғазысы, Аймырзаның Шөкені және тағы басқалары бірінші болып көшіп келді. Осы араға күзге дейін Балтадан 35, Қантайдан 75, Мықтыбайдан 35 үй қоныс салып, колхозға ұйымдасты. Байлардың, би-болыстардың зорлық-зомбылығынан бостандық алған кедей шаруалар өздері көтерген шаңырақтың ырымын жақсы атап, «Бірлік» деп қойды.

Коллективтендірудің алғашқы жылдары қызық еді. Байлардың құйыршықтары сауатсыз шаруалар ортасында арандату әрекеттерін жүргізіп, ақыры бір жылдың ішінде жаңа құрылған колхоздың ыдырауына әкеп соқтырды. Сонда колхоздың қазығын ұстап он бес үй қара шаруалар қалған. Олар Қажохмет Еркалин, Қажымұрат Үмітбаев, Исабай Калинин, Қапен Мисәлімов, Қожохмет Ахметов, Рахымжан Нұртазин, Есенбай Ахметов, Махмет Жантүгелов, Айтбай

Қайсин, Жанақым Әлібаев, Әбділда Әбдешев сынды өмірі жалшылықпен өткен қу тақыр кедейлер болатын. Байлар қасақана қастандық жасап, «үркердей он бес үйлі колхоз ештеме тындыра алмайды» деп ойлады. Бірақ колхоз белсенділері қайраттылық көрсетіп, қолға алған істерін ілгері жалғастырды.

Колхоз ыдырағаннан кейінгі алғашқы жиналыста ұжымның басқармасы Қажохмет Еркалин жиналғандарға жағдайды баяндап, шаруашылықты қалай ұйымдастыру жөнінде пікір айтуларын өтінеді. Бірінші болып Исабай Калинин сөз алады.

-Жасымнан орыс арасында мал бағып өстім. Өткен күнім жалшылық пен жоқшылық куәсі. «Бедному пожар не страшен» дейді орыстар. Сол сияқты біздің жоғалтқан ешнәрсеміз жоқ. Кеткен байсымақтардың көзі ақсын, жоғалсын сол күйі. Қайта арамыз тазарды. Аздап мал, ептеп тұқым бар. Конфискаленген байлардан қалған соқалар мен бораналарды жөндеп, көктемгі егіске қамданайық, - дейді ол. Оның бұл сөзін басқалар да қостады. Кедей шаруалар сондай қайратты білекпен құрсанып, жаңа өмір жалауын түсірмеске серт байласқандай еді. Олар шаруа жайын білгірлікпен сөз етіп, өз ойларын ортаға салды.

-Колхоздың атын «Бірлік» қойғанымыз дұрыс еді, бірақ байлардың қырсығынан бүлікпен тынды. Ендігі менің ұсынысым: колхоздың атын Баян деп атайық, - дейді сөз алған Қажымұрат Үмітбаев. – Анамыз

Баян Қантай атамыздың бәйбішесі. Сол анадан тараған біз бүгін теңдік алып, сол байдың жерінде жаңа өмір орнатып жатырмыз. Баян деген сөз біріншіден ертеде өткен анамызды еске салса, екіншіден бұрынғыдан да баянды бірліктің жоралғысы болады.

-Дұрыс-ақ.

-Бұл ұсынысқа қосыламыз, - десіп кедейлер қауымы оны көп болып құптайды. Міне осылай «Баян» колхозы дүниеге келіп еді. Сонымен шағын ғана колхоз өмірі қайнап жүре берді. Әрине, қиыншылықтар да болды. Сол кездегі түсінік бойынша шаруалар барлық мал-мүліктерін ортаға салған болатын. Кедейлердің үйлерінде жегерге көлік, ішерге тамақ та болмаған сәттер кездесті. Міне осы жайлы шаруалар алғашқы жиналыста-ақ айтысты. Сөйтіп жиналыс шешімі бойынша ертеңіне колхоз қорынан әр шаңыраққа 2 центнерден жарма бөліп берілді. Ортадағы он жеті бұзаулы сиырды саууды ұйымдастырып, жұмыс адамдарына күніне бір литр, қарттар мен балаларға жарты литр сүт беріп отырылатын болды. Сөйтіп тарыққан кедейлер тұрмысы ептеп болса да жақсара бастады.

Ұлы жазушы, жерлесіміз Сәбит Мұқанов 1952 жылы біздің өңірде болып «Баян колхозы» деген атақты қолжазбасын жазып, Сексенбай Тұралин, Қажымұрат Үмітбаев, Исабай Калинин, Қалы, Хакім Иманов сияқты сыйлы да асыл азаматтар жайында

сыр шертеді. Ауыл экономикасына, мәдениетіне ризашылық сезіммен құмарлана жазады.

«Бұл артельдің аты «Баян», - дейді Қалы, - осы дөңнің де аты Баян еді де, қазақтың «Баян», «Баянды болсын» деген сөздері жақсы сөздер ғой. Жақсы тілеумен ұйымдасқан соң, артеліміз баянды болсын деп, атын «Баян» қойып ек те». (277 бет).

Сәбең қолжазбасында ел атауына осылайша түсінік берілсе, Баян ауылының азаматтары осы аманатты ақтай білді. Айнала қалың ағаш қоршаған бұл ауыл қашан жақын келгенше көріне қоймайды. Облыс орталығы мен темір жол торабы да одан қашық. Аудан орталығынан 50 шақырым қашықтықта тұрады.

«Баян» колхозы алғаш ұйымдасқанда оның барлық қоғамдық малы 58 бас, егіс көлемі 200 гектар ғана болатын. Ал бір жылдық табысы 10 мың сомнан аздап қана асатын.

Колхоздың өсу кезеңі негізінен 1934 жылдан басталды. Өйткені бұл жылы Баян МТС-і ұйымдастырылды. Онда 15 аттық күші бар небәрі 3 трактор болса да колхоздың егіншілігін өркендетуде МТС үлкен күш болды. Ауылға алғашқы тракторлар келген күндер де ерекше оқиғалар болып еді. Кешегі сауатсыз кедейлер енді темір тұлпарды тізгіндеп, техника тіліне машықтанды. Баян ауылында Оразбай Бошанов, Бағытай Аймурзин, Нұрғали Рамазанов, Қасым Жақыпов,



Белгібай Садуақасов, Омар Мақанов сияқты тұңғыш механизаторлар техника тізгінін ұстады. Жер жырту, егін себу, орақ жұмыстары да техникамен атқарыла бастады. 1934 жылы Қажымұрат Үмітбаев егін соғатын «МК-1100» молотилкасында жұмыс істеп, ең жоғары көрсеткіштерге жетті. 1936 жылы ол алғашқылардың бірі болып «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. Сол жылы оған артель мүшелері үлкен құрмет көрсетіп, колхоз басқармасының төрағасы етіп сайлады. 1937 жылы колхозда 1462 гектар жерге дәнді дақылдар егілді. Оның әр гектарынан орта есеппен 10,7 центнер өнім алынса, 1938 жылы 1588 гектар жерге егін егіліп, әрбір гектарынан орта есеппен 20,8 центнерден өнім алынды.

Бұл жылдары колхозда мал шаруашылығы да өркендей бастады. 1935 жылы 200 қой, 37 жылқы, 120 қара мал болса, 1938 жылдың аяғында бұл үш түліктің саны 1080-ге жетті. Осы жылы колхоздың бөлінбейтін қоры 1935 жылмен салыстырғанда 60 есе көбейді. Сөйтіп колхоз құрылысының бірден-бір дұрыс құрылыс екенін, коллективтік шаруашылықтың жеке шаруашылықтан артықшылығын колхозшылар өз көзімен көрді. Сондықтан да олар колхозды нығайта беруге белсене күресті.

Колхоздың экономикасы жақсарумен байланысты колхозшылардың тұрмысы да жақсарды. Бұрын лашық, шым үйде отырған колхозшылар аз уақыттың

ішінде еңсесі биік, жарығы мол ағаш үйлерді сала бастады.

Осыған орай сонау коллективтендіру жылдарынан бастап колхоздың ірге тасын қаласқандардың бірі, 1938 жылдан былай қарай 20 жыл бойы колхоз председателі болған Сексенбай Тұралиннің естелігін келтіре кетейік.

- Мен бұдан 62 жыл бұрын патшалық Россия тұсында жермен жексен, еденсіз, қараңғы шым үйде туып, өстім, - дейді ол. - Әлі есімде бала кезімде үй ішіне итарқа пешке жағылған оттың сәулесі жарық түсіретін. Іңір асты ішерде ғана май шам жағылады. Ал көптеген кедей үйлерінде май шам да болмайтын. Ондай үйлер астарын ерте ішіп, қызыл іңірден жататын.

Октябрь революциясына дейінгі жылдарда үштік, бестік деп аталатын керосин шамдары байлардың үйінде ғана болатын. Сол кезде мұның өзі үлкен жаңалық болып көрінетін. Осындай үштік шамның бірін Дәнекер деген ақсақалдың баласы әкеліпті. Келіні мен баласы қарияға:

- Ата, шамға жақын жүрме, жөтелме, шамға қарап сөйлеме, түкірігің шашырайды, - деп ескерте беріпті. Әбден мезі болған қария:

- Өмірімде би, болыс, төре – қарадан қорқып, қаймықпаған басым, қартайғанда осы шамнан қорыққаным ба, - деп шамды таяғымен бір періп, быт-



шытын шығарыпты. Сол Дәкеңнің немере-шөбелерелері қазір шаруашылықта алып техниканың ұршығын үйіреді.

Ауылшаруашылық салаларында қол жеткен табысы үшін «Баян» колхозы 1939 жылы Бүкілодақтық ауылшаруашылығы көрмесіне қатысып, бірінші дәрежелі диплом алды. Колхоз осы жылы тек егін шаруашылығының өзінен 271264 сом пайда тапты. Астық шығымдылығының артуы колхозшылардың еңбек күніне бөлінетін үлесті де арттырды. Бұл жылы колхозшылар бір еңбеккүнге 41,8 килограмнан астық, 20 килограмнан шөп, 2 сомдай ақшалай табыс алды.



## ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА

Шаруашылықтың алып адыммен дами бастаған кезінде гитлерлік фашистер бастаған 1941 жылғы соғыс оны біраз бөгеді. Бірақ баяндықтар Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында да өзінің ұйымшылдығын көрсетті. Ер басына күн туған қысылтаяң шақта колхоз шаруашылығының барлық ауыртпалығын ауылда қалған кәрі-кұртаң мен балашаға көтерді. Олар егін егіп, мал өсіріп майдандағы жауынгерлерді азықпен, киіммен жабдықтады. Бұл оңай жұмыс болған жоқ. Жерді сиыр жегілген соқамен жыртуға тура келді. Бір адам екі-үш адамның жұмысын атқарды. Соның өзінде олар соғыс жылдары 590 гектар тың көтерді. Сөйтіп оның әрбір гектарынан 24 центнерден өнім алды.

Сол кезде колхозшылар майдан үшін өз жинаған – тергендерін де аяған жоқ. Облыс көлемінде кең етек алған жақсы бастамаға үн қоса отырып, олар майдандағы жауынгерлерге жылы киімдер жинап жіберіп тұратын. Мұндай игі істің ауылдағы бастаушысы болған колхоздың басқармасы Үмітбаев Қажымұрат өз отбасының қаражатынан ғана танкі колоннасын жасауға деп 60 мың сом ақша берді.

Бұл жөнінде Қажекең былай деп еске алады:

Қырқыншы жылдары «Баян» колхозы облыстағы іргелі шаруашылықтардың бірі еді. Егіннен мол өнім

4310  
7 алып Бүкілодақтық ауылшаруашылығы көрмесіне қатысу правосына ие болды. Сол кезде мен колхоз председателі болғандықтан, бір топ колхозшыларды көрмеге өзім бастап бардым. Осы сапарларымызда «соғыс» деген суық хабарды естіп, асығыс елге оралдым. Тепсе темір үзетін арыстай жігіттеріміз бірінен соң бірі армияға аттанып жатты. Думанды ауылымыз жылау-сықтауға ауысты. Дегенмен сары уайымға салынбай ес жидық. Майданға аттанғандардың орнын олқы түсірмеудің қамын ойладық. Кәрі-кұртан, әйелдер, бала-шағамен қоғамдық шаруашылығымызды жүргізе бердік.

Соғыстың аса бір қаһарлы кезінде Совет адамдары өзінің еңбегімен жинаған меншікті қорына майданға көмек беруді дәстүрге айналдырды. Сол бір патриоттық бастама маған да қозғау салғаны бар. Соғысқа дейін адал еңбегіммен жиған бұзаулы сиырымды, құлынды биемді, жүз пұт астығымды сатып, 60 мың 700 сом қаржы құрадым да танк колоннасын жасау үшін қорғаныс қорына жібердім.

Москва. Кремль, Сталин жолдасқа

Қымбатты Сталин жолдас!

Менің жерлестерім – Солтүстік Қазақстан облысының Пресновка станицасындағы сибирь казактарының патриоттық ісіне сүйсініп, колхозда адал еңбегіммен тапқан 60 мың сом қаржыны «Қазақстан

колхозшысы» танктер колоннасын жасау қорына тапсырдым.

Ұлы орыс халқының басшылығымен, Ленин-Сталиннің данышпандық ұлт саясатының арқасында қазақ халқы еркін бақытты тұрмысқа ие болды, бұл қасиетті правоны біз ешкімге бермейміз. Қазір қазақ халқының таңдаулы ұлдары қаһарман орыс халқымен қол ұстасып, бостандығымыз бен тәуелсіздігіміз үшін күресуде. Менің танкім сибирь казактарының жауынгерлері машиналарының айбарлы сапында болып, олармен бірлесе отырып жасаған ұрыста гитлершіл басқыншылардың жексұрын тобырларына өлтіре соққы берсін.

Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданындағы «Баян» колхозының председателі  
кос орденді Қажымұрат Үмітбаев.

Көп ұзамай Қажекен Бас колбасшының жіберген жеделхатын алды:

Солтүстік Қазақстан облысының Преснов ауданындағы «Баян» колхозы, колхоз председателі Қажымұрат Үмітбаев жолдасқа.

Үмітбаев жолдас, Қызыл Армияның бронетанк күштеріне қамқорлық көрсеткеніңіз үшін менің сәлемім мен Қызыл Армияның алғысын қабыл алыңыз.

И.Сталин

Бейбіт өмірдің тұнығын лайлап кеткен жауға деген ыза-кек сол кезде зейнеткерлік жасына келіп қалған қарттардың да белін жазып жіберген еді. Ауыл ішінде майдандағы ерлерді жоқтатпай, шаруашылықты күйзелтпеуге тырысқан олар істің ең ауыр салаларына өздері тіленіп қатысып, күндік тапсырыстарын 150-200 пайызға орындап отырған. Қоқыманов Сағындық, Таңатаров Есқак, Сүгірбаев Айтмұқаш, Мырзабаев Сейтен, Әлібаев Жанақым, Жантүгелов Махмет сияқты қарттардың сол кездегі қажырлы еңбегі бүгінгі ұрпақ үшін әрі мақтаныш, әрі өнеге.

Нұртазин Рақымжан 1940 жылдан бері «Баян» колхозының жылқысын бақты. «Құрығы құтты» болып, содан бері «Баянның» жылқысы өсті.

Колхозшылар Рақымжанды Реке деп атап, аса құрметтейтін. Олардың құрметіне бөленуіне Рекеңнің қарт болғандығы ғана емес, сонымен бірге оның адал еңбегі, жылқы бағудың шебері болғандығы, жылқының саны мен сапасын бірдей арттырғандығы да себеп болды.

Колхозшылардың жалпы жиналысында Рекең былай деген еді:

- Малды бағу, өсіру колхоздың ең бір негізгі ісі. Біздің колхозда бұл жөнінде жарыста озып шығып, жүлде алып жүргендер аз емес. Анау Бейсембина Тыйыштықты қараңыздаршы. Омырауы жарқыраған орден мен медаль. Жыл сайын бұзауды күтуде,

өсіруде алдына жан салмайды. Мені колхозшылар «Реке қарт» дейді. Шашыма ақ кіргені болмаса мен қарт емеспін, көңілім әлі жас. Мені жасартқан осы заман. Сондықтан жастардан қалыспайтындығыма сенімім зор. Менің жылқымнан талай жорға мен жүйрікті тағы мінетін боласындар.

Рекең осы сөзін іс жүзінде орындады. Еңбек еткен жылдары шашасына шаң жұқпайтын жорғаны да, жұлдыздай ағатын өрен жүйрікті де өсіріп берді.

Иә, жылқышы Рақымжан Нұртазин колхоздың мақтанышы, жылқы өсірудің шебері болған еді.

Рақымжан атамыз тек жылқы бағумен ғана айналысқан жоқ, сонымен қатар аңшылықпен де шұғылданатын. Ол қоянды тұзақ құрып ұстайтын. Сондықтан да ауылдастары оны «Қоян аға» деп те атайтын.

«Ленин туы» газетінің соғыс жылдарында шыққан сандарын қарап отырғанда төмендегі бір мақала көзіме оттай басылды.

Онда «Баян» колхозы Ұлы Отан соғысы күндерінде де өзінің ежелгі дәстүрі - шаруашылықты бірқалыпты өркендету ісін бәсеңдеткен жоқ делінген. Ауылдың еңкейген кәрісі, есейген жасына дейін өндірісте қажырлы еңбек істеп, майданға аттанған жігіттерді жоқтатқан жоқ. Колхозда мал шаруашылығы күшті қарқынмен өсуде. Егін шығымы айтарлықтай. Әсіресе қара бидай егіні биыл шығымды

болды. Колхозшылар Жұмақан Бошанов, Жантүгелов және Кенжалиналар егін жинау жұмысында іс үлгісін көрсетті.

Мұстафин басқарған бригада пішен шабу науқанында үздік шығып, басқаларға үлгі көрсетуде. Бұл бригада пішен шабуға зор дайындықпен кірісіп, нормаларын әрдайым асыра орындап келеді. Социалистік жарысты өркендетіп, стахановша еңбек ету арқасында озат колхозшылардың саны көбеюде. Мәселен, Темірбаева, Әбілғазин және Оразалин пішенді шауып, оны маялау жұмыстарында нормаларын 150-200 пайыздан орындап келеді.

Қиыншылықты жеңе білген, қайнар бұлақтың арнасын кең ашып, жеңісімізді шыңдап жатқан колхоздың бірі – «Баян», – деп қорытындылайды мақаласын автор. Ал сол жылдары облыстық газетте еңбек еткен, белгілі жазушы Сафуан Шаймерденов өз мақаласында жас соқашылар Қанафин, Әбілмәжінов және Сәкеновтардың үздік жұмыс істеп, социалистік жарыста көрнекті табыстарға жеткендігін хабарлайды.

Отты жылдарда ауылда нағыз ерлерше еңбек еткен әйелдер болды. Жас келіншектер мен қыздар майданға кеткен әкелерінің, ерлерінің, ағаларының орнына тракторға отырды, комбайн штурвалына тұрды. Бұл жөнінде, әсіресе Әлия Сәрсембинаның, Ұлжан Байтұрғанованың, Әлпия Нұрғалиеваның, Бал-



ғиса Қонқышеваның және тағы басқалардың ерлік еңбегін айта кетуіміз керек.

Соғыс жылдарындағы баяндықтардың еңбекке деген ынтасы жөнінде ауылдың тумасы Тілеген Мырзахметұлы «Солтүстік Қазақстан» газетіне «Естелігім – ескерткішім» дейтін көлемді мақаласын жазған еді. Содан үзінді келтірейін:

...Егін себуде Жантүгелдің Махметіне жан жетпейді десетін. Ала жаз бойы аяғына киім ілмейді екен. Бір көзден кемтар, денесі қағылез, жирен сақалды күрең кісі еді. Тұқым сепкенде егістіктің үстінде желе-жортып, басқаларды басып озып отыратын. Қара жерге таптаурын болып, ұлтанды етіктей қалыңдап алған, сірідей қатқан табанына шөгір-мөгір батпай, бырт-бырт сынып отырады екен. Бала кезімізде үлкендер жағы терісі қалыңдап, саусақпен шерткенде ағаштай тықылдайтын табанымызды сипалап отырып:

- Әй, сен өзі Махмет табансың ғой, десе өзі бригададағы еңбек озаты, өзі жүйрік, ешқашан шаршамайтын Махаңа табанымыздың тартқанын бедел көретінбіз.

Елде Махаң жөнінен де бір хикая әңгіме бар. Тегі соғыс аяқталған кез болса керек. Науқанды жұмыстар уақытында ауданнан уәкіл дегендерің қаптап кететін.

Оңғарбаев деген бір уәкіл мақтаулы Махметтің



жұмысын өз көзімен көргісі келіпті. Махаң әдеттегідей дәнді құлаштай лақтырып желе-жортып келе жатады. Оның тағы бір әдеті құлашын сермеген сайын өзі естіген, есінде қалған лауазым иелерінің аттарын атап айғайлап жүреді екен. Дәл уәкілдің тұсынан өте бергенде:

- Мә саған Сталин, мә саған Китлер ит, мә саған Сталин, мә саған Китлер ит, – деп уыс-уыс дәнді екі жағына құлшына құлаштай серпіп бара жатады. Мынандай тосын сөзді естіген Оңғарбаев үстіне ыстық су құйылғандай, өңі құп-қу болып, тұрған жерінде есі ауысып ұшып түсе жаздайды. Өзі де толық кісі екен. Бұқа бұғағы ісініп, екі көзі шарасынан атып шығардай алайып, бураша буырқанады. Жанына еріп жүрген бригадир Жұманға езуінен көбік шаша, кекештене айғай салады:

- То-о қ-тат, а-ан-аны! То-о-оқ-тат! – Еңгезердей Оңғарбаев өзін езіп тастар ма екен деп сескенген шағын денелі Жұман шал Махаңның артынан жүгіреді. Екі қолын ерсілі-қарсылы сермеп, қызып алған Мақанды етженді Жұман арсы-күрсі болып эзер қуып жетеді. Шалғайына жабысқан бригадирге ырық бермеген Махмет жүрісінен жаңылмайды, тосын сөзін де тоқтатпайды.

«Мә, саған Сталин, мә саған Китлер ит...

«Басқа пәле тілден» деген емес пе? Махаңның аузына түскен тосын сөз бүкіл елдің үстіне қара түнек бо-

лып түнереді. Мақтаулы Махаң бір сәтте халық жауларынан кесіліп қалған құйыршық, жақсы жұмысымен көз бояп жүрген сатқын болып шыға келіпті.

Махаңның бәйбішесі Мәміш адуын мінезді, шамшыл кісі еді. Ашуланғанда алды-артын ойламай шаңшұң айқалап кететін. Уәкілдің қатысуымен Махаңның ісі қаралып жатқан құрама отырысында тиыш отыра алмай:

-Әй, бишәрә-ай. Елдегі Жұман мен Қажымұрат жетпегендей, құрып кеткір Сталин мен Китлерде не атаңның құны бар еді? – деп жұрттың көзінше Махметке дүрсе қоя береді. Отқа май құйды деген осы. Өзін Сталиннің бел баласындай сезінетін, оған шын берілген уәкіл бомба болып жарылады. Орнынан атып тұрып:

-Міне, халық жауларының ұясы. Бұларды балашағасымен, түп-тұяғымен құрту керек. Мен ауданнан милиция алдырамын, - деп сүзеген бұқадай гүжілдейді.

Шатақ іске басы шатасқан Махаң несіне болса да көндім, дегендей үндемейді. Сүзеген уәкілден зәресі ұшқан Мәміш не бүлдіргенін енді түсінгендей:

-Көтек, көтек, мұнысы несі-ей, - деп талықсып кетеді. Көзі алайып, басы қалтаңдап отырған орнынан омақата құлайды. Есік жақтан біреу:

-Ойбай, өлді-өлді, - деп сұлқ жатқан денеге ұмтылады.